__-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
__-қосымша

# Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

## Түсінік хат

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Тарихи сана – тарихи тәжірибені ұғыну және одан туындайтын сабақтарды әлеуметтік болжау (бүгіннің мәнін, өткеннің өзгермейтіндігін және болашақты таңдау еркіндігін түсіну негізінде), өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті сезіну. Тарихи сана тұлғаның қоғамға табысты бейімделуіне қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытудың мазмұны ата-бабаларымыздың мәдениетінің бірегейлігін, Қазақстанның әлемдік тарихтағы орны мен рөлін, оның әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін

ЖОБА

қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

5) тарихи деректерді талдау негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

6) зерттеу жүргізу (зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды тұжырымдау, өз ұстанымын анықтау, гипотезаларды ұсыну), түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды, интернеттегі жарияланымдар (интернетті қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтай отырып) мен электрондық оқыту құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдар алу үшін тарихи білімін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топтық оқу іс-әрекетінде тиімді өзара әрекеттесуін қалыптастыру.

ЖОБА

## 1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

2. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

## 2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;

2) мәдениеттің дамуы;

3) мемлекеттің дамуы;

4) Қазақстанның экономикалық дамуы.

7. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) этникалық қатынастар;

2) әлеуметтік қатынастар.

8. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) дүниетаным мен дін;

2) өнер мен әдебиет;

3) білім және ғылым.

9. «Мемлекеттің және саяси процестердің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекеттің ішкі саясаты;

2) мемлекеттің сыртқы саясаты.

10.«Қазақстанның экономикалық дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шаруашылық;

2) өндірістік қатынастар және сауда.

11. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлау, тарихи оқиғалар мен процестерді талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

12. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

ЖОБА

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар уақыт пен кеңістіктегі сабақтастық пен өзгерістің тарихи мысалдарын талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт кезеңінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар бір немесе бірнеше себептердің және ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып, тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстыру тәсілдерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар қарастырылып отырған дәлелге қатысты аудитория, мақсат, көзқарас, формат, аргумент, шектеу және контекст сияқты тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар белгілі бір жерде, белгілі бір уақыт кезеңінде әртүрлі қоғамдағы немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

13. 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) Тарих және тарихи уақыт туралы түсінік. Кіріспе. «Тарих» ұғымы. Тарихи уақыт («кезеңдеу» және «жылнама» ұғымдары). Археологиялық және жазбаша тарихи дереккөздер. Қазақстандық тарихшы-археологтар (Ә. Марғұлан, Х. Алпысбаев, К. Ақышев, В. Зайберт).

2) Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың өмірі мен табиғи жағдайлар. Ежелгі адамдардың өмірі мен кәсіптері. Еңбек құралдары. Адамның даму кезеңдері. Тас дәуірінің тұрақтары. Мал шаруашылығына және егіншілікке көшу. Ботай – Дала өркениетінің бастауы. Салт аттылық мәдениеттің пайда болуы. Ежелгі адамдардың дүниетанымы.

3) Қазақстан қола дәуірінде. Андронов және Бегазы-Дәндібай мәдениеттері. Қола дәуірінде кешенді шаруашылықтың дамуы (мал шаруашылығы, егіншілік, металлургия, қолөнер). Соңғы қола дәуірінде көшпелі мал шаруашылығының қалыптаса бастауы. Қазақстандағы ежелгі жартастағы суреттер (Тамғалы шатқалында, Баянжүрек, Ешкіөлмес тауларында). Арқайым және Кент көне қалашықтары.

ЖОБА

4) Қазақстан ерте темір дәуірінде. Қазақстан аумағында темірді игеру. Көшпелі мал шаруашылығы мен салт аттылық мәдениетінің дамуы. Сақ тайпалары. Сақтардың қоғамдық құрылысы (әскери демократия). Томирис – массагеттер пайтшайымы. Шырақтың ерлігі. Сақтардың македониялық Александр әскерімен күресі.

5) Сақтардың археологиялық мұрасы. Есік қорғанындағы «Алтын адам». Сақ өнеріндегі «аң стилі». Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары. Берел қорғаны. Тасмола мәдениеті. Ежелгі қалашықтар (Шірік -Рабад, Бәбіш -Мола қалашықтары).

6) Сарматтар. Сарматтар (савроматтар) туралы тарихи мәліметтер. Қоғамдық құрылым (әскери демократия). Сарматтардың көршілес елдермен қарым-қатынасы. Сарматтардың шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың мәдениеті. Археологиялық ескерткіштер (Аралтөбе, Сынтас, Бесоба).

7) Ерте мемлекеттік бірлестіктер. Үйсіндер мен қаңлылар туралы жазбаша деректер. Үйсін мемлекеті. Қоғамдық құрылыс, шаруашылық, мәдениет. «Полихромдық стиль». Қарғалы диадемасы. Қаңлы мемлекетінің тарихы. Каңлылардың қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен мәдениеті. Көне қалашықтар (Көк-Мардан, Алтынасар, Ақтау).

8) Қазақстан тарихындағы ғұндар (хунну). Ғұн тайпаларының бірлестігі. Мөде шаньюй. Ғұндардың әлеуметтік құрылымы. Ғұндардың көрші мемлекеттермен өзара қарым-қатынасы. Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы. Еділ (Аттила) – ғұн мемлекетінің ұлы билеушісі. Ғұндардың шаруашылығы мен мәдениетінің дамуы. «Полихромдық стиль».

Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың қола және темір дәуіріндегі антропологиялық келбеті.

Өлкетану: Туған өлкенің аңыздары мен әңгімелері. Өлкенің тарихи ескерткіштері. Өлкенің тарихи тұлғалары. Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер.

14. 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің базалық мазмұны:

1) Түркілер туралы тарихи мәліметтер. Кіріспе. «Түрік», , «Түрік әлемі», «Түрік дәуірі», «Ұлы Дала» түсініктері. Ұлы Даланың түркі мемлекеттері. Ежелгі түркілер – ғұндардың мұрагерлері. Қазақстанның ортағасырлық тарихы бойынша дереккөздер.

2) VI-VIII ғғ. Ұлы Дала. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер. Түрік қағанаты. Батыс Түрік қағанаты. Шығыс Түрік қағанаты. Түргеш қағанаты. Талас (Атлах) шайқасы. Түркілердің әскери өнері. Қарлұқ қағанаты.

3) IX – XIII ғасырдың басындағы түркі әлемі. Оғыз мемлекеті. Қимақ қағанаты. IX-XIII ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің саяси құрылымы мен сыртқы саясаты. Қарахан мемлекеті. Қарақытай мемлекеті. Наймандар мен керейіттер мемлекеті. Қазақстан аумағында исламның таралуы.

4) Түркілердің экономикасы мен сауда қатынастарының дамуы. Түркі шаруашылығы: көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы, отырықшы егіншілік. IX ғасыр – XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің сауда-

экономикалық қатынастары. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық қала мәдениеті. (Баршынкент. Сығанақ. Тараз. Баласағұн. Шауғар. Ясы. Жент). Отырар, Сауран – бекініс қалалар Ұлы Жібек жолының халықаралық байланыстарды, экономиканы, мәдениетті дамытуға ықпалы.

5) Қазақстан тарихындағы қыпшақтар. «Дешті-Қыпшақ» ұғымы. Қыпшақ хандығы. Қыпшақтар және Шығыс Еуропа елдері. Қыпшақтар және Орталық Азия. Қыпшақтардың қазақ халқының қалыптасуындағы рөлі.

6) Ұлы Даладағы түркі өркениеті. Махмұд Қашқаридің картасы және түркілердің тарихи топонимикасы. Ұлы Даланың аты аңызға айналған билеушілері (Бумын қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк). Алтай – түркі өркениетінің бесігі.

7) Түркі мәдениеті. Түркілердің материалдық мәдениеті. Түркі тайпаларының таңбалары. Түркілердің рухани мәдениеті. Ежелгі түркілердің жазуы. Түркілердің жазба ескерткіштері. Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк құлпытастары. Талас ескерткіштері. Түркілердің дүниетанымы. Қорқыт Ата. Арыстан Баб. Ысқақ Баб. Түркілердің ортағасырлық сәулет өнері.ЮНЕСКО

8) Ортағасырлық ғылымның дамуы. Әбу-Насыр әл-Фараби. Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік». Қожа Ахмет Иасауи «Диуан -и хикмет». Махмұд Қашқари «Диуани луғат ат-түрк». Ахмет Иүгнеки «Ақиқат сыйы». «Кодекс куманикус».

Өлкетану: Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы). Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері. Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары). Туған өлке тарихының қазіргі куәгерлері.

15. 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің базалық мазмұны:

1) XIII ғасырдағы Ұлы даладағы саяси процестер. Кіріспе. XIII-XVII ғасырлардағы Ұлы Дала тарихына жалпы шолу. Шыңғыс хан империясының құрылуы. Шыңғыс хан әскерінің Ұлы Далаға жорықтары. Жошы ұлысының құрылуы. Бату және Орда Ежен. Жошы ұлысындағы Беркенің билігі. 1206-1269 жж Шағатай ұлысы. 1269 жылғы Талас құрылтайы.

2) Жошы ұлысы 1269-1313 жж. Меңгу Темірдің Жошы ұлысындағы билігі. 1269-1313 жж Орда Ежен ұлысы. Жошы ұлысы халқының ру-тайпалық құрамы.

3) Алтын Орданың гүлденуі (1313-1359 жж.). Өзбек ханның билігі (1313-1341 жж.). Жәнібек хан. Алтын Орданың экономикалық дамуы және сауданың рөлі. Алтын Орда қалалары.

4) Алтын Орданың әлсіреуі мен ыдырауы. Алтын Ордадағы азаматтық соғыс және оның негізгі себептері. Орыс (Ұрыс) хан және оның мұрагерлері. Әмір Темір мемлекеті. Тоқтамыс ханның билігі. Едіге би және оның Алтын Орда тарихындағы ролі. Барақ хан. Моғолстан мемлекеті. Әбілқайыр хан және оның мұрагерлері. Ноғай ордасы. Сібір хандығы.

5) Ұлы Дала мәдениеті. Материалдық мәдениет. Қолөнер. Қолданбалы өнер. Сәулет өнерінің дамуы. Кесенелер. XIII-XV ғғ. рухани мәдениет. Эпикалық шығармалар. «Қобыланды». «Алпамыс». «Едіге». «Орақ-Мамай». XIII-XV ғасырлардағы жыраулар. Асан Қайғы. Кетбұға. «Қырымның қырық батыры».

ЖОБА

Сыпыра жырау. Алтын Ордадағы ғылым (Кутб ад-дин Сараи, Сайф-и Сараи, Хисам Катиб, Абдурахим Хафиз Хорезми). Дін және дәстүрлі дүниетаным. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы (Плано Карпини. Вильгельм Рубрук. Марко Поло. Ибн Баттута).

6) Қазақ халқының қалыптасуы. «Біртұтас ұлт» ұғымы. «Қазақ» этнонимі. Қазақтар – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. «Алаш Мыңы» түркі тайпалық одағы. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы.

7) Қазақ хандығы. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ хандығы – Жошы ұлысының мұрагері. Керей мен Әз-Жәнібек – мемлекеттің негізін қалаушылар. Шығыс Дешті-Қыпшақтың саяси бірлігін қалпына келтіру. Қасым хан. Қасым хан басқарған кезеңдегі қазақ хандығының нығаюы. «Қасым ханның қасқа жолы». XV – XVI ғасырлардағы еуропалық карталардағы Қазақ хандығы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Шығай мен Тәуекел хандар. Тәуекел хан тұсындағы қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы. Есім хан (Еңсегей бойлы Ер-Есім) тұсындағы Қазақ хандығы бірлігінің күшеюі. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. «Есім ханның ескі жолы». Қазақ хандығындағы орталық биліктің әлсіреуі.

8) Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ жүздері. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы. XV-XVII ғасырлардағы сауданың дамуы.

9) XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті. Қазақ халқының рухани мәдениеті. Ақындар мен жыраулардың шығармашылығы. XV-XVII ғасырлардағы тарихи еңбектер. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі. Қадырғали Жалаиридің «Жами-ат Тауарих» еңбегі. Осман Кухистани «Тарихи Әбілқайыр хани». Өтеміс қажы «Шыңғыс-нама». Әбілғазы «Түрік шежіресі». Қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары. Астрономия туралы түсініктер, халық күнтізбесі. Қазақ халқының жыл санауы. Қазақ халқының қолданбалы өнері. Киіз үй – бірегей мәдени ескерткіш.

Өлкетану: Туристік маршруттар. Туған өлкенің көрнекті тұлғалары. Туған өлкенің тарихы. Мектебімнің тарихы.

16. 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің базалық мазмұны:

1) XVII-XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар қатынастары мен соғыстар. Кіріспе. XVII ғасырдағы Қазақ хандығы. Дәуірдің тарихи сипаттамасы. Жоңғар хандығының құрылуы. Қазақ-жоңғар соғыстары. Орбұлақ шайқасы және Жәңгір хан. Тәуке ханның («Әз Тәуке») билігі. «Жеті жарғы» заңдар жинағы. Төле, Қазыбек және Әйтеке – қазақ халқының атақты билері. Күлтөбедегі билер кеңесі. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – зұлмат жылы.

2) Жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беруді ұйымдастыру. Қарақұм мен Ордабасы құрылтайлары. Халық жасағының құрылуы. Бұланты шайқасы. Аңырақай шайқасы. Батырлар - Отан қорғаушылар (Қабанбай, Бөгенбай, Қожаберген, Жәнібек, Олжабай, Райымбек, Есет Көкіұлы және т.б.). Қазақтың батыр қыздары. Қазақ халқының әскери өнері мен әскери дәстүрлері. Қазақ қоғамындағы жыраулар (Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Ақтамберді жырау,

ЖОБА

Тәтіқара жырау). XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары. Қазақ хандары: Қайып, Болат, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс, Әбілқайыр.

3) XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы. Қазақстан Ресей империясының мүдделер тоғысында. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясының Қазақстан аумағындағы саясаты (саяси және экономикалық мақсаттары, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Әбілқайыр хан және оның Ресеймен әскери-дипломатиялық қарым-қатынасы. XVIII ғасырдың 30-50 жылдарындағы Ресей империясының Қазақстандағы саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың шиеленісуі. Абылай хан билігі тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты. Қазақ жасағының Цин империясымен 1756-1757 жылдардағы әскери қақтығыстары. Қазақ хандығының Цинь империясымен саяси-дипломатиялық қарым-қатынастары. 1757 жылғы Мамырсу шарты. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Төлеңгіттік. Аталық.

4) XVIII ғасырдағы қазақ халқының рухани және материалдық мәдениеті. Қазақ халқының шежіресі – ел бірлігі мен тұтастығының кепілі. XVIII ғасырдағы қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармашылығы. Батырлар жыры («Бөгенбай батыр», «Қабанбай батыр», «Батыр Баян», «Жантай батыр», «Ер Жәнібек батыр»). Лирикалық және әлеуметтік-тұрмыстық жырлар («Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек»). Қазақ халқының қолданбалы өнері.

5) XVIII ғасырдағы қазақ жерлерін отарлау және ұлт-азаттық қозғалыстар. XVIII ғасырдағы Қазақстанды әскери-казактық отарлау. Қазақтардың 1773-1775 жж. Е.Пугачев көтерілісіне қатысуы. 1783-1797 жж. Сырым Датұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалыс.

6) XIX ғасырда қазақ жерлерін отарлаудың күшеюі және қазақ халқының ұлт-азаттық күресі. Бөкей Ордасы. 1822-1824 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформалар: Сібір қырғыздары туралы Жарғы, Орынбор қырғыздары туралы Жарғы (Орта және Кіші жүздерде хандық биліктің жойылуы). XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары. Қасым мен Саржан сұлтандардың күресі. XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Жоламан Тіленшіұлы жетекшілігімен болған көтеріліс. Бөкей Ордасындағы 1836-1838 жылдардағы қазақтардың көтерілісі. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Кенесары – соңғы қазақ ханы. Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы. Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер. XIX ғасырдың 60-90 жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар. 1860–1870 жылдардағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістері.

7) Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер. Ұйғырлар мен дүнгендерді Жетісуға қоныстандыру. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер. Капиталистік қатынастардың енуі. Қалалар. Сауда қатынастары мен кәсіпкерліктің дамуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының дағдарысы.

8) XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті. XIX ғасырдағы білім мен ағартушылық ісі. Жәдидшілік. Зайырлы және діни оқу

ЖОБА

орындары. Бөкей ордасы ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстандағы ғылыми зерттеулер (А.Левшин, Г.Потанин, В.Радлов, Т.Седельников, Ә.Бөкейхан, М.Шорманұлы, М.Бабажанов, А.Диваев және т. б.). Шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі қазақтар (А. Вамбери, Ф. Джозеф де Гинь, Т.Аткинсон және т. б.). Шоқан Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, педагог, қоғам қайраткері. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси ойдың дамуы. «Зар заман» дәуірінің ақындары. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид, Нұржан Наушабайдың тарихи еңбектері. Қазақ музыкалық өнерінің дамуы (Махамбет Өтемісұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ақан сері, Жаяу Мұса, Біржан сал).

Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Белгілі суретшілердің шығармашылығында қазақтардың өмірі мен тұрмысының бейнеленуі. Т.Шевченко, В.Верещагин, Н.Хлудовтың тарихи тақырыптарға арналған туындылары. Танымал суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст.

17. 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) Кіріспе. XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестер. Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. «Алаш» қозғалысы. Қарқаралы петициясы. Зиялы қауымның I және II Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуы. Саяси баспасөздің дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы). Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Тынышбайұлы, М. Шоқай). 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. 1917 жылғы революциялар. «Алаш» партиясы мен «Алаш-Орда» үкіметі. Ұлттық автономиялар (Түркістан автономиясы, «Алаш» автономиясы). Қазақстанда Кеңестер билігінің орнауы. «Үш жүз» партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жж.) Қазақстандағы соғыс қимылдары.

2) 1920-1930 жж. Қазақстан. Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ ОАК мен ҚазАКСР-інің ХКК және олардың басшыларының қызметі. Қазақ жерлерінің аумақтық тұтастығын сақтаудағы қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдерінің рөлі. «Әскери коммунизм» саясаты. 1921-1922 жж. ашаршылық. Қазақстандағы жер-су реформасы. 1921-1925 жж. Қазақстандағы ЖЭС. Қазақстан индустрияландыру жылдарында. Республиканың дамуы туралы пікірталастар. С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев. «Кіші Қазан» саясаты. 1929-1932 жж. ұжымдастыру және шаруалар көтерілістері. «Бесеудің хаты», Т. Рысқұловтың хаты. «Нәубет» – XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. 1920-1930 жылдардағы қоғамдық-саяси процестер. Қазақстан аумағында ГУЛАГ жүйесін қалыптастыру. Саяси қуғын-сүргін. Қазақстанның одақтас республикаға айналуы.

3) 1920-1930 жылдардағы Қазақстан мәдениеті. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы. Халық ағарту ісін дамыту және жоғары оқу орындарының ашылуы.

ЖОБА

КСРО Ғылым академиясының Қаз КСР-і филиалының ашылуы және Қаныш Сәтпаевтың ғылымды дамытудағы рөлі. Қазақ ұлттық әдебиетін дамыту (Ж. Аймауытұлы, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, К. Кемеңгеров, І. Жансүгіров).

1936 ж. Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі. Мәдениет қайраткерлері (Т.Жүргенов, Ж.Шанин, Қ.Жұбанов, Ә. Қашаубаев, А. Затаевич, А.Кастеев). Кеңестік идеологияның қазақ әдебиетіне, театрына, киносы мен бейнелеу өнеріне әсері.

4) 1940-1950 жылдардағы Қазақстан. 1941-1945 жж соғыс жылдарындағы Қазақстан. Қазақстанда әскери бөлімдерді қалыптастыру және олардың Кеңес-Герман майданына қатысуы. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Майдандағы қазақ әйелдерінің ерлігі (әйел ұшқыштар, пулеметшілер, танкішілер. М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, Х. Доспанова). Т. Бегелдинов пен партизан Қ. Қайсеновтың ерлігі. Р. Қошқарбаевтың ерлігі. Қазақстан – майдан арсеналы. Халықтың жеңіске қосқан үлесі. КСРО халықтарын Қазақстанға депортациялау. Қазақстан мәдениеті. Әдебиет, өнер, театр, кино, кескіндемені дамыту (М. Әуезов, Ж. Жабаев, Қ. Мұхамедханов, Д. Снегин, С. Аманжолов, А. Жұбанов, М.Төлебаев, Е. Брусиловский, К.Бәйсейітова, Р.Бағланова). Қазақстанның экономикасы мен шаруашылығын қалпына келтіру (өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы). Қазақстан аумағында әскери, ядролық полигондардың ашылуы. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінің ерекшеліктері. Қазақ партиялық-кеңестік саяси қайраткерлерінің қызметі (Ж. Шаяхметов, Н. Оңдасынов, М. Әбдіхалықов және т.б.). «Бекмаханов ісі» және қазақ зиялыларын қудалау.

5) 1950-1970 жылдардағы Қазақстан. Қазақстанның «жылымық» жылдарындағы әлеуметтік-саяси дамуы. Теміртаудағы оқиғалар. Қазақстандағы мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары партиялық және кеңестік органдарының қызметі мен саясаты. Қазақстанның партия қайраткерлерінің қызметі – Д.А. Қонаев, Ж.Т. Тәшенев, И.А. Юсупов. Қазақстан тың игеру жылдарында. 1965 жылы шаруашылық-экономикалық жүйені қайта құру. 1960-1980 жылдардағы республика халқының әлеуметтік-саяси өмірі. 1979 жылы Целиноградта (Ақмолада) болған оқиғалар. Қазақ тілінің жағдайы. Қазақстандық ғалымдардың ХХ ғасырдың 40-80-жылдарындағы жетістіктері (Ә.Марғұлан, Қ.Бабаев, К.Мыңбаев, Ш. Шөкин, К. Ақышев, Е.Бөкетов, А.Машанов, Ә.Қоңыратбаев). 1950-1970 жылдары Қазақстан әдебиеті мен өнерінің дамуы (Ә.Нұрпейісов, І.Есенберлин, О.Сүлейменов, М.Шаханов, Г. Бельгер, Қ. Мырза Әлі, К.Тоқаев). Қазақ театры, кино және сурет өнері. (Ш.Айманов, А.Қарсақбаев, С.Қожықов, М.Кенбаев).

6) 1980-1990 жж. Қазақстан. Қазақстанның экологиялық проблемалары (атом полигондары, атмосфераның, судың өнеркәсіптің ластануы, биоәртүрліліктің бұзылуы және топырақтың эрозиясы). Партиялық-кеңестік басқару жүйесінің дағдарысы. Қазақстандағы қайта құру және демократиялық процестер. 1986 ж. Желтоқсан оқиғасы. Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіғұлов, Е.Сыпатаев, Л.Асанова, С.Мұхамеджанова. Қазақстанда азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы. Тіл туралы Заңды қабылдау (1989 ж.).

ЖОБА

Президенттік институтты енгізу (1990 ж.). Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдау (1990 ж.). Семей ядролық полигонын жабу (1991).

7) Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң. Мемлекеттік рәміздерді қабылдау. Н.Ә.Назарбаевтың қызметі. Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметі. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық ынтымақтастығы. Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі. БҰҰ-ға кіру. Қазақстанның халықаралық бастамалары және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты дамытуы. Қазақстан және ЮНЕСКО. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-ға төрағалық етуі. Қазақстанның түркі мемлекеттерінің ұйымдарымен қарым-қатынасын дамыту. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттік құрылыс және жаңа қоғамдық-саяси институттардың қалыптасуы. 1993 және 1995 жылдардағы ҚР Конституциясы және билік органдарының қайта құрылуы. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу. Ұлттық валютаны енгізу. Экономика дағдарысы. Астана – Қазақстанның жаңа астанасы. Әкімшілік-аумақтық құрылымның өзгеруі.

8) Қазақстандағы әлеуметтік процестер. Әлеуметтік-демографиялық процестер. Халық санағы. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Қазақстанның 1950-1980 жылдардағы демографиялық дамуы. Қазақ диаспорасы мен ирриденті және репатрианттардың отанына оралуы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары. «Қазақстан - 2030» және «Қазақстан - 2050» мемлекеттік стратегиялары. Қазақстандағы қоғамдық келісім және дінаралық қатынастар. Астанадағы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері. «Мәңгілік Ел» - жалпықазақстандық ұлттық идея.

9) Әлемдегі жаһандану жағдайында Қазақстандағы жаңғырту процесі. Президент Қ-Ж.Тоқаевтың Қазақстан дамуының қазіргі кезеңіндегі бастамалары. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Ұлттық Құрылтай құру. Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. Президент Қ-Ж.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Қазіргі Қазақстанның экономикалық дамуы. Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік саясаты.

10) Қазіргі Қазақстанның мәдени дамуы. Қазіргі кезеңде ағартушылық пен ғылымды дамыту. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттың мәдени мұрасы. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Абай және XXI ғасыр. Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Қазіргі заманғы әдебиет, өнер, театр, кино, спорт. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары.

ЖОБА

## 3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

18. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

19. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

20. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

| Білім алушы білуі тиіс: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бөлімше | 5 сынып | 6 сынып | 7 сынып | 8 сынып | 9 сынып |
| 1.1 Этникалық қатынастар | 5.1.1.1 ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық белгілерін сипаттау | 6.1.1.1 халықтың қалыптасуында сабақтастықты анықтау | 7.1.1.1 қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдерін сипаттау | 8.1.1.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді талдау | 9.1.1.1. қоғамдағы этникалық қатынастарды талдау |
| | | | 7.1.1.2 «Қазақ» этнонимінің маңызын түсіндіру | | 9.1.1.2 Қазіргі Қазақстандағы этнодемографиялық процестерді сипаттау |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.2 Әлеуметтік қатынастар | 5.1.2.1 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру | 6.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік құрылымын сипаттау | 7.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік құрылымын анықтау | 8.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік ұйымдардың ерекшеліктерін анықтау | 9.1.2.1 дамудың қазіргі кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік саясатын талдау |
| | 5.1.2.2 шаруашылықтың қоғамды өзгертудегі әсерін түсіндіру | | | 8.1.2.2 қоғам өміріндегі тарихи оқиғалардың салдарын анықтау | 9.1.2.2 Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау |
| | | | | | 9.1.2.3 қоғамдық келісімді нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін бағалау |

2) мәдениеттің дамуы:

| Білім алушы білуі тиіс: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бөлімше | 5 сынып | 6 сынып | 7 сынып | 8 сынып | 9 сынып |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.1 Дүниетаным және дін | 5.2.1.1. ежелгі адамдардың діни сенімінің ерекшеліктерін түсіндіру | 6.2.1.1 Түріктердің дүниетанымының ерекшеліктерін сипаттау | 7.2.1.1 Көшпелілердүниетанымының ерекшеліктерін талдау | 8.2.1.1 Қоғамдық сананы дамытудағы ағартушылардың үлесін бағалау | 9.2.1.1 мерзімді басылымның ұлттық сана-сезімді оятудағы рөлін талдау |
| | 5.2.1.2 көшпелі өмір салтының мәдениеттің дамуына әсерін анықтау | 6.2.1.2 Таңбаны түркі тайпалары мен рулары мәдениетінің элементі ретінде сипаттау | 7.2.1.2 жыраудың қоғамдағы рөлін бағалау | 8.2.1.2 халық салт-дәстүрлерінің құндылығын анықтау | 9.2.1.2 ұлттық мәдени-тарихи мұраның маңызын талдау |
| | | 6.2.1.3 діннің қоғамға әсерін анықтау | | | |
| 2.2 Өнер мен әдебиет | 5.2.2.1. қалашықтарды дереккөздер негізінде сипаттау | 6.2.2.1 түркілердің қала мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау | 7.2.2.1 ортағасырлық қалалардың бірегейлігі мен маңызын анықтау | 8.2.2.1 рухани мұраның маңызынн бағалау | 9.2.2.1 қазіргі заманғы өнер мен әдебиеттің даму процесін анықтау |
| | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау | 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің ерекшеліктерін сипаттау | 7.2.2.2 сәулет ескерткіштерінің ерекшеліктерін анықтау | 8.2.2.2 қалалардың сәулеттік келбетінің ерекшеліктерін анықтау | 9.2.2.2 ұлттық мәдени мұраны жаңғыртудағы мемлекеттік бағдарлама |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | лардың рөлін бағалау |
| | 5.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің дамуын түсіндіру | 6.2.2.3 көшпенділердің рухани мәдениетінің құндылығын анықтау | 7.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің рөлін талдау | 8.2.2.3 халық ауыз әдебиетінің тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтау | 9.2.2.3 әдебиет және өнер туындыларының қоғамдық санаға әсерін бағалау |
| | 5.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау | 6.2.2.4 көшпенділердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау | 7.2.2.4 қолданбалы өнер жетістіктерін бағалау | 8.2.2.4 қазақ халқының қолданбалы өнерін талдау | 9.2.2.4 тәуелсіз Қазақстанның мәдениет және спорт саласындағы жетістіктерін сипаттау |
| | 5.2.2.5 көшпенділердің әлемдік өркениеттің дамуына әсерін сипаттау | | | | |
| 2.3 Білім және ғылым | 5.2.3.1 тарих ғылымының әлемді танудағы маңызын түсіндіру | 6.2.3.1 ежелгі түркі жазуының тарихи дереккөздер ретіндегі маңызын түсіндіру | 7.2.3.1. ғылымның дамуының маңызын анықтау | 8.2.3.1 XIX ғасырдың екінші жартысында ағарту ісінің дамуын талдау | 9.2.3.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5.2.3.2 тарихи дереккөздердің құндылығын түсіндіру | 6.2.3.2 ғалымдар еңбегінің құндылығын анықтау | 7.2.3.2 ғалымның ғылымға қосқан үлесін бағалау | 8.2.3.2 ғалымдардың ғылыми еңбектерінің маңыздылығын дәлелдеу | 9.2.3.2 білім және ғылым саласындағы өзгерістерді талдау |
| | 5.2.3.3. қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын түсіндіру | 6.2.3.3. тарихи дереккөздер мәліметтерінің құндылығын сипаттау | 7.2.3.3 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін бағалау | | |
| | | 6.2.3.4. туған өлкенің тарихы мен мәдениетін сипаттау | 7.2.3.4. туған өлкенің тарихы мен мәдениетін талдау | | |

3) мемлекеттің және саяси процестердің дамуы:

| Білім алушы білуі тиіс: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бөлімше | 5 сынып | 6 сынып | 7 сынып | 8 сынып | 9 сынып |
| 3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты | 5.3.1.1 тайпалардың қоныстану аумағын картада түсіндіру | 6.3.1.1 зерделенетін оқиғаларды тарихи картадан анықтау | 7.3.1.1 тарихи картада саяси өзгерістерді анықтау | 8.3.1.1 картаны пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды сипаттау | 9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5.3.1.2 ежелгі тайпалықбірлестіктердің қалыптасуын түсіндіру | 6.3.1.2 тарихи процестердің сабақтастығын түсіндіру үшін «Ұлы дала» ұғымын қолдану | 7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау | 8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау | 9.3.1.2 тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау |
| | 5.3.1.3. тарихи оқиғаларға тұлғаның әсерін түсіндіру | 6.3.1.3 тарихи оқиғаларда тұлғаның рөлін анықтау | 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау | 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау | 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау |
| | | 6.3.1.4 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін сипаттау | 7.3.1.4 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін анықтау | 8.3.1.4 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін бағалау | 9.3.1.4 Қазақстанда әскери-өнеркәсіптік кешен құрудың салдарын бағалау |
| | | 6.3.1.5 мемлекеттің даму ерекшеліктерін түсіндіру | 7.3.1.5 мемлекеттік басқару жүйесін сипаттау | 8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру | 9.3.1.5 ұлттық автономиялардың халық тарихындағы рөлін деректкөздер арқылы интерпретациялау |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 7.3.1.6 заңдардың мемлекеттегі маңыздылығын анықтау | 8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау | 9.3.1.6 саяси көшбасшының ұлттық мүдделерді қорғаудағы қызметін бағалау |
| | | | | 8.3.1.7 мемлекетті нығайтудағы заңдардың маңыздылығын талдау | 9.3.1.7 экологиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау |
| 3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты | 5.3.2.1 алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен өзара қарым-қатынасын түсіндіру | 6.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатын сипаттау | 7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау | 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау | 9.3.2.1 Қазақстанның халықаралық қатынастар субъектісі ретіндегі рөлін бағалау |
| | 5.3.2.2 Қазақстанның ерте көшпенділерінің халықаралық аренадағы орнын түсіндіру | 6.3.2.2 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау | | | 9.3.2.2 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын анықтау |
| | | | | | 9.3.2.3 Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қазақстандықтардың қосқан |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үлесін бағалау |
| | | | | | 9.3.2.4 Қазақстанның бітімгершілік бастамаларын анықтау |

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

| Білім алушы білуі тиіс: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бөлімше | 5 сынып | 6 сынып | 7 сынып | 8 сынып | 9 сынып |
| 4.1 Шаруашылық | 5.4.1.1 еңбек құралдарын жасау технологиясын сипаттау | 6.4.1.1 шаруашылық өмірдің ерекшеліктерін сипаттау | 7.4.1.1 мемлекеттің экономикалық даму ерекшеліктерін анықтау | 8.4.1.1 шаруашылық өзгерістердің ерекшеліктерін талдау | 9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау |
| | 5.4.1.2 шаруашылықтың дамуына табиғи жағдайлардың әсерін түсіндіру | 6.4.1.2 көшпелі және отырықшы-егіншілік дақылдары өңірлерін анықтау | 7.4.1.2 қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін сипаттау | 8.4.1.2 капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына әсерін талдау | 9.4.1.2 экономикалық саладағы интеграцияны жаңғыртудың перспективалары мен бағыттарын анықтау |
| | 5.4.1.3 ежелгі адамның кәсіптерін сипаттау | | 7.4.1.3 материалдық мәдениеттің ерекшеліктерін сипаттау | | 9.4.1.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау |
| | 5.4.1.4 металлургияның шаруашылықтың дамуына | | | | 9.4.1.4 Қазақстанды индустрияландырудың жетістіктері мен |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әсерін анықтау | | | | кемшіліктерін талдау |
| | | | | | 9.4.1.5 фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, өнеркәсіптің жай-күйін талдау |
| 4.2 Өндірістік қатынастар және сауда | 5.4.2.1 қалаларды дамытудағы сауданың маңызын түсіндіру | 6.4.2.1 шаруашылықты дамытудағы сауданың рөлін анықтау | 7.4.2.1 мемлекеттің дамуындағы сауда қатынастарының маңызын анықтау | 8.4.2.1 XIX ғасырдағы Қазақстан аумағындағы сауда ерекшеліктерін талдау | 9.4.2.1 Қазақстанның әлемдік аренадағы сауда-экономикалық қатынастарын талдау |
| | | 6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетін дамытудағы рөлін талдау | | | |

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «2» оқу мақсатының реттік саны.

21. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

22. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

ЖОБА

**4-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

| Бөлім | Тақырып, зерттеу сұрағы | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| | 1-тоқсан | |
| Тарих және тарихи уақыт туралы түсінік | Кіріспе. «Тарих» ұғымы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қазақстан тарихы нені зерттейді? | 5.2.3.1 тарих ғылымының әлемді танудағы маңызын түсіндіру |
| | Тарихи дереккөздер<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Тарихи дереккөздердің құндылығы неде? | 5.2.3.2 тарихи дереккөздердің құндылығын түсіндіру;<br>5.2.3.3 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын түсіндіру |
| Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі мен табиғи жағдайлар | Ежелгі адамдардың өмірі мен кәсіптері<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Ежелгі адамдардың өмірінде аңшылық пен терімшілік қандай рөл атқарды? | 5.4.1.3 ежелгі адамның кәсіптерін сипаттау;<br>5.4.1.1 еңбек құралдарын жасау технологиясын сипаттау |
| | Адамның даму кезеңдері<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Адам эволюциясы қалай өтті? | 5.1.1.1 ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық белгілерін сипаттау |
| | Тас дәуіріндегі адамдардың тұрақтары<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қазақстан аумағында археологтар тас дәуірінің қандай олжаларын тапты? | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.3.3 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын түсіндіру |
| | Егіншілік пен мал шаруашылығына көшу<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Өндіруші еңбекке көшумен не өзгерді? | 5.4.1.3 ежелгі адамның кәсіптерін сипаттау;<br>5.4.1.1 еңбек құралдарын жасау технологиясын сипаттау |

ЖОБА

| | | |
|---|---|---|
| | Ботай – Дала өркениетінің бастауы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Неліктен ботайлықтар жылқыны қолға үйреткен алғашқы адамдар болып саналады? | 5.2.2.5 көшпенділердің әлемдік өркениеттің дамуына әсерін сипаттау;<br>5.2.3.3 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын түсіндіру |
| | Ежелгі адамдардың дүниетанымы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Ежелгі адамдардың сенімдерінің ерекшеліктері неде? | 5.2.1.1 ежелгі адамдардың діни сенімінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| Қазақстан қола дәуірінде | Андрон және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қола дәуірі ескерткіштерінің ерекшеліктері қандай? | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.3.3 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын түсіндіру;<br>5.4.1.2 шаруашылықтың дамуына табиғи жағдайлардың әсерін түсіндіру |
| | Қола дәуіріндегі адамдардың кәсіптері<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Металды пайдалану ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті? | 5.4.1.3 ежелгі адамның кәсіптерін сипаттау;<br>5.4.1.4 металлургияның шаруашылықтың дамуына әсерін анықтау |
| | Қазақстандағы жартастардағы ежелгі суреттер.<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Жартастағы суреттердің құндылығы қандай? | 5.2.1.1 ежелгі адамдардың діни сенімінің ерекшеліктерін түсіндіру;<br>5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау |
| | Қайталау | |
| Өлкетану | Туған өлкенің аңыз-әңгімелері | 5.2.3.2 тарихи дереккөздердің құндылығын түсіндіру |
| | 2-тоқсан | |

ЖОБА

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан ерте темір дәуірінде | Қазақстан аумағында темірді игеру<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Темір өндірісі адамдардың өмірін қалай өзгертті? | 5.4.1.4 металлургияның шаруашылықтың дамуына әсерін анықтау |
| | Көшпелі мал шаруашылығының дамуы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Көшпелі мал шаруашылығының ерекшеліктері қандай? | 5.4.1.3 ежелгі адамның кәсіптерін сипаттау;<br>5.1.2.2 шаруашылықтың қоғамды өзгертудегі әсерін түсіндіру |
| | Ежелгі көшпенділердің материалдық мәдениеті<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Көшпенділер баспанасының ерекшеліктері қандай? | 5.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.1.2 көшпелі өмір салтының мәдениеттің дамуына әсерін анықтау |
| | Сақ тайпалары<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қандай тарихи деректер сақтар туралы мәліметтер береді? | 5.3.1.1 тайпалардың қоныстану аумағын картада түсіндіру;<br>5.3.1.2 ежелгі тайпалық бірлестіктердің қалыптасуын түсіндіру |
| | Сақтардың қоғамдық құрылысы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Неге сақтарда әскери демократия болды деп саналады? | 5.1.2.1 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру |
| | Томирис – массагеттердің патшайымы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Томирис ежелгі авторларды несімен таң қалдырды? | 5.3.1.3 тарихи оқиғаларға тұлғаның әсерін түсіндіру;<br>5.3.2.2 Қазақстанның ерте көшпенділерінің халықаралық аренадағы орнын түсіндіру |
| | Шырақтың ерлігі<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Сақтар өз тәуелсіздігі үшін қалай күресті? | 5.3.1.3 тарихи оқиғаларға тұлғаның әсерін түсіндіру;<br>5.3.2.1 алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен өзара қарым- |

ЖОБА

| | | |
|---|---|---|
| | | қатынасын түсіндіру |
| | Сақтардың македониялық Александр әскерімен күресі<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Неге македониялық Александрдің сақтарға қарсы жорығы сәтсіз аяқталды? | 5.3.1.3 тарихи оқиғаларға тұлғаның әсерін түсіндіру;<br>5.3.2.2 Қазақстанның ерте көшпенділерінің халықаралық аренадағы орнын түсіндіру |
| | Қайталау | |
| | Өлкетану. Өлкенің тарихи ескерткіштері | 5.2.3.2 тарихи дереккөздердің құндылығын түсіндіру |
| 3-тоқсан | | |
| Сақтардың археологиялық мұрасы | Есік қорғанындағы «Алтын адам»<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» кім болған? | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.1.1 ежелгі адамдардың діни сенімінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| | Сақ өнеріндегі «аң стилі»<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Неліктен сақтардың өнері «аң стилі деп» аталды? | 5.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.2.5 көшпенділердің әлемдік өркениеттің дамуына әсерін сипаттау |
| | Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Неге Шілікті мен Бесшатыр қорғандарын «патшалық» деп атайды? | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.1.1 ежелгі адамдардың діни сенімінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| | Берел қорғандары<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Берел қорғанынан табылған олжалар сақ мәдениетін қалай сипаттайды? | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.2.5 көшпенділердің әлемдік өркениеттің дамуына әсерін сипаттау |
| | Тасмола мәдениеті<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>«Мұртты қорғандар» нені білдіреді? | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.1.1 ежелгі адамдардың діни сенімінің ерекшеліктерін түсіндіру |

ЖОБА

| | | |
|---|---|---|
| | Ежелгі қалашықтар (Шірік-Рабад, Бәбіш Мола)<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Ежелгі Шірік-Рабад, Бәбіш Мола қалаларының ерекшелігі неде? | 5.2.2.1 қалашықтарды дереккөздер негізінде сипаттау |
| Сарматтар | Сарматтар туралы тарихи мәліметтер<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Тарихи дереккөздер сарматтар туралы қандай мәліметтер береді? | 5.3.1.1 тайпалардың қоныстану аумағын картада түсіндіру;<br>5.1.2.1 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру |
| | Сарматтардың көршілес елдермен қарым-қатынасы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Сармат қоғамының ерекшеліктері қандай? | 5.3.2.1 алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен өзара қарым-қатынасын анықтау |
| | Сарматтардың археологиялық ескерткіштері<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Археологиялық ескерткіштер сарматтардың өмірі мен мәдениеті туралы не айтады? | 5.2.2.2 археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.1.2.2 шаруашылықтың қоғамды өзгертудегі әсерін түсіндіру |
| | Қайталау | |
| Өлкетану | Өлкенің тарихи тұлғалары | 5.3.1.3 тарихи оқиғаларға тұлғаның әсерін түсіндіру |
| | 4-тоқсан | |
| Ерте мемлекеттік құрылымдар | Үйсіндер мен қаңлылар туралы жазбаша дереккөздер<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қытай дереккөздерінде үйсіндер мен қаңлылар туралы қандай мәліметтер бар? | 5.3.1.1 тайпалардың қоныстану аумағын картада түсіндіру;<br>5.2.3.2 тарихи дереккөздердің құндылығын түсіндіру |
| | Үйсін мемлекеті<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қытай жазба дереккөздерінде үйсін қоғамының қандай ерекшеліктері сипатталған? | 5.1.2.1 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;<br>5.3.2.1 алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші |

| | | |
|---|---|---|
| | | елдермен өзара қарым-қатынасын түсіндіру |
| | Үйсіндердің шаруашылығы мен мәдениеті. «Полихромдық стиль»<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қарғалы диадемасындағы асыл тастар мен ою-өрнектер қандай құпияларды жасырады? | 5.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.4.1.2 шаруашылықтың дамуына табиғи жағдайлардың әсерін түсіндіру |
| | Қаңлы мемлекетінің тарихы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Үйсіндер мен қаңлылар өздерінің одақтастық қарым-қатынастарын қалай бекітті? | 5.1.2.1 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;<br>5.3.2.1 алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен өзара қарым-қатынасын түсіндіру |
| | Қаңлылардың шаруашылығы мен мәдениеті<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қаңлы мәдениетінің ерекшеліктері қандай? | 5.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау;<br>5.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің дамуын түсіндіру;<br>5.4.2.1 қалаларды дамытудағы сауданың маңызын түсіндіру |
| Қазақстан тарихындағы ғұндар (хунну) | Ғұн тайпаларының бірлестігі<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Неге Мөде шаньюй: «Жер – мемлекеттің негізі» деп айтқан? | 5.3.1.3 тарихи оқиғаларға тұлғаның әсерін түсіндіру;<br>5.1.2.1 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру |
| | Ғұндардың көршілес мемлекеттермен өзара қарым-қатынасы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Ұлы Қытай қорғанының құрылысы ғұндармен қалай | 5.3.2.1 алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен өзара қарым-қатынасын түсіндіру |

ЖОБА

| | | |
|---|---|---|
| | байланысты? | |
| | Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы нәтижесінде қандай өзгерістер болды? | 5.3.1.1 тайпалардың қоныстану аумағын картада түсіндіру;<br>5.3.2.1 алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен өзара қарым-қатынасын түсіндіру |
| | Еділ (Аттила) – ғұн мемлекетінің ұлы билеушісі<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Ғұндардың әлемдік тарихқа қосқан үлесі қандай? | 5.3.1.3 тарихи оқиғаларға тұлғаның әсерін түсіндіру<br>5.2.2.5 көшпенділердің әлемдік өркениеттің дамуына әсерін сипаттау |
| | Ғұндардың шаруашылығы мен мәдениетінің дамуы<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Ғұндардың шаруашыдығы мен мәдениеті туралы қандай дереккөздер бар? | 5.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау |
| | Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың қола және темір дәуіріндегі антропологиялық келбеті<br><br>Зерттеу сұрағы:<br>Қазақстанның ежелгі тұрғындарының антропологиялық келбеті қалай өзгерді? | 5.1.1.1 ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық белгілерін сипаттау |
| | Қайталау | |
